Сафон ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының

ХАТТАМАСЫ №1

Сафон ауылы 26 «ақпан» 2024 жыл

Округ әкімі аппаратының кеңсесі

Қатысқандар:А.Сейтеков ,Т.Шаштенов ,Е.Абулхасимов , Е.Лайсов , С.Камзаев , С.Сапаров , Е.Айтимов , М. Мухтарова ,С.Гимранов, Е.Муратов , Е.Нуртаев

Жиналыс төрағасы: Сейтеков А

Жиналыс хатшысы:Шаштенов Т

Жергілікті қоғамдастық жиналысының заңдылығына сәйкес күн тәртібін бекітті.

Күн тәртібі

1.2024 жылға электр энергиясын бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру.

Хабарламашы- округ әкім аппаратының статисті-Ж.Сарсенгалиева

Тыңдалды:

Ағымдағы жылға бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Заңының 39-бабының 3 тармағының 1) тармақшасымен жүзеге асырылып келді. Мемлекеттік сатып алу порталындағы Формат-логикалық басқару элементтері қатарынан «АтырауЭнергоСату» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесінің шығып қалуына байланысты 39 баптың 3 тармағының 1 тармақшасымен келісім шартқа 2024 жылдан бастап отыра алмайтындығымызды ескере отырып, жыл басында мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес,электр энергиясын сатып алуды баға ұсынысын сұрату тәсілі арқылы хабарлама берілді, алайда ешкім түскен жоқ.

Сондықтан осы баптың 3 тармағының 42 тармақшасымен келісім шартқа отыру мүмкіндігі бар екендігін айтқым келеді. Қазіргі таңда электр энергиясының қажеттілігі өте зор. Барлық жұмыс бабындағы қолданылатын құрылғылар,компьютерлер, базалар, интернет жүйелері осы электр энергиясына тығыз байланысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ұсыныс пікір айтып сөйлеушілерге кезек берілді.

Сөйлегендер:

Камзаев Саламат - жиналыс мүшесі.

Күн тәртібіндегі қаралып отырған мәселе маңызды деп есептеймін. Өйткені электр энергиясының қажеттілігі өте зор. Қазіргі таңда жұмыс бабындағы барлық құрылғылардың жұмыс жасауы осы электр энергиясына тәуелді болып отыр.Сондықтан айтылып отырған мүмкіндікті пайдалану керек.Айтылған пікірге қосыламын, қолдаймын.

Басқа ұсыныс пікір болмаса сөйлеу тоқтатылсын.Күн тәртібіндегі ұсынылған мәселе бойынша Мемлекеттік сатып алу порталындағы Формат-логикалық басқару элементтері қатарынан «АтырауЭнергоСату» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесінің шығып қалуына байланысты 39 баптың 3 тармағының 1 тармақшасымен келісім шартқа 2024 жылдан отыра алмауына байланысты, осы баптың 3 тармағының 42 тармақшасымен келісім шартқа отыруға қоғамдастық өкілдерінің пікірлері дауысқа қойылсын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде:11 қолдағаны

Қарсы –жоқ

Қалыс-жоқ

Қаулы:

Сафон ауылдық округі бойынша қоғамдастық жиналысының күн тәртібіндегі мәселесін жан-жақты талқылап,бірауыздан мақұлдап ШЕШІМ ЕТТІ:

1.Мемлекеттік сатып алу порталындағы Формат-логикалық басқару элементтері қатарынан «АтырауЭнергоСату» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесінің шығып қалуына байланысты 39 баптың 3 тармағының 1 тармақшасымен келісім шартқа 2024 жылдан отыра алмауына байланысты, осы баптың 3 тармағының 42 тармақшасымен келісім шартқа отырылсын.

2.Жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы округ әкіміне жолдансын.

Жиналыс төрағасы **А.Сейтеков**

Жиналыс хатшысы **Т.Шаштенов**